

ISSN 2957-9856 (Online)
ISSN 2957-8280 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
«ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ СУ ҚАУІПСІЗДІГІ ИНСТИТУТЫ» АҚ

КОМИТЕТ НАУКИ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И
ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
АО «ИНСТИТУТ ГЕОГРАФИИ
И ВОДНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»

SCIENCE COMMITTEE
OF THE MINISTRY OF SCIENCE AND
HIGHER EDUCATION
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
JSC « INSTITUTE OF GEOGRAPHY
AND WATER SECURITY»

**ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ
СУ РЕСУРСТАРЫ**
◆
**ГЕОГРАФИЯ
И ВОДНЫЕ РЕСУРСЫ**
◆
**GEOGRAPHY
AND WATER RESOURCES**

2

**СӘУІР – МАУСЫМ 2023 ж.
АПРЕЛЬ – ИЮНЬ 2023 г.
APRIL – JUNE 2023**

**ЖУРНАЛ 2007 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ЖУРНАЛ ИЗДАЕТСЯ С 2007 ГОДА
THE JOURNAL WAS FOUNDED IN 2007**

**ЖЫЛЫНА 4 РЕТ ШЫҒАДЫ
ВЫХОДИТ 4 РАЗА В ГОД
PUBLISHED 4 TIMES A YEAR**

АЛМАТЫ

АЛМАТЫ

ALMATY

Бас редакторы
география ғылымының докторы, ҚР ҰҒА академигі **А. Р. Медеу**

Бас редактордың орынбасары:
география ғылымының кандидаты **С. К. Алимкулов**, география ғылымының докторы **И. Б. Скоринцева**,
география ғылымының докторы **С. А. Тарихазер** (Әзірбайжан)

Редакция алқасы:
ҚР ҰҒА академигі, география ғылымының докторы **И. В. Северский**; докторы, климатологияның қауымдастырылған профессоры **М. Шахгеданова** (Ұлыбритания); Еуропа мен Азиядағы Халықаралық ғылым академиясының академигі (IASEA), техника ғылымдарының докторы, профессоры **Цуи Вэйхун** (Қытай Халық Республикасы); география ғылымының докторы **О. Б. Мазбаев**; география ғылымының докторы **Ф. Ж. Акиянова**; география ғылымының докторы **Б. А. Красноярова** (Ресей); география ғылымының докторы **Д. Т. Чонтоев** (Қырғызстан); география ғылымының докторы **Н. А. Амиргалиев**; геология-минералогия ғылымдарының докторы **М. Қ. Абсаметов**; география ғылымының кандидаты **А. Л. Кокарев**; PhD докторы **А. С. Мадібеков**; геология-минералогия ғылымдарының кандидаты **Е. Ж. Муртазин**

Главный редактор
академик НАН РК, доктор географических наук **А. Р. Медеу**

Заместители главного редактора:
кандидат географических наук **С. К. Алимкулов**, доктор географических наук **И. Б. Скоринцева**,
доктор географических наук **С. А. Тарихазер** (Азербайджан)

Редакционная коллегия:
академик НАН РК, доктор географических наук **И. В. Северский**; доктор, ассоциированный профессор климатологии **М. Шахгеданова** (Великобритания); академик Международной академии наук Европы и Азии (IASEA), доктор технических наук, профессор **Цуи Вэйхун** (Китайская Народная Республика); доктор географических наук **О. Б. Мазбаев**; доктор географических наук **Ф. Ж. Акиянова**; доктор географических наук **Б. А. Красноярова** (Россия); доктор географических наук **Д. Т. Чонтоев** (Кыргызстан); доктор географических наук **Н. А. Амиргалиев**; доктор геолого-минералогических наук **М. К. Абсаметов**; кандидат географических наук **А. Л. Кокарев**; доктор PhD **А. С. Мадібеков**; кандидат геолого-минералогических наук **Е. Ж. Муртазин**

Editor-in-Chief
Academician of the NAS of the RK, Doctor of Geographical Sciences **A. R. Medeu**

Deputy Editor-in-chief:
Candidate of Geographical Sciences **S. K. Alimkulov**, Doctor of Geographical Sciences **I. B. Skorintseva**,
Doctor of Geographical Sciences **S. A. Tarikhazer** (Azerbaijan)

Editorial Board:
Academician of the NAS of the RK, Doctor of Geographical Sciences **I. V. Severskiy**; Dr., Associate Professor in Climate Science **M. Shahgedanova** (UK); Academician of the International Academy of Sciences for Europe and Asia (IASEA), Doctor of Technical Sciences, Full professor **Cui Weihong** (People's Republic of China); Doctor of Geographical Sciences **O. B. Mazbayev**; Doctor of Geographical Sciences **F. Zh. Akiyanova**; Doctor of Geographical Sciences **B. A. Krasnoyarova** (Russia); Doctor of Geographical Sciences **D. T. Chontoev** (Kyrgyzstan); Doctor of Geographical Sciences **N. A. Amirgaliyev**; Doctor of Geological and Mineralogical Sciences **M. K. Absametov**; Candidate of Geographical Sciences **A. L. Kokarev**; Doctor PhD **A. S. Madibekov**; Candidate of Geological and Mineralogical Sciences **Ye. Zh. Murtazin**

География и водные ресурсы
ISSN 2957-9856 (Online), ISSN 2957-8280 (Print)

Собственник АО «Институт географии и водной безопасности»

Подписной индекс для юридических лиц: 24155

Свидетельство о регистрации издания № 8243-Ж от 5 апреля 2007 г. и перерегистрации № KZ48VPY00036995 от 23 июня 2021 г. выдано Комитетом информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Пушкина, 99.
Тел.: +7(727)291-81-29, факс: +7(727)291-81-02

E-mail: journal.ingeo@gmail.com
Сайт: <http://www.ojs.ingeo.kz>

Климатология және метеорология

Климатология и метеорология

Climatology and meteorology

<https://doi.org/10.55764/2957-9856/2023-2-34-47.10>

МРНТИ 87.17.91

Г. А. Медеуова¹, А. С. Мадиебеков², Ш. Е. Турашов³

¹ Метеорология және гидрология кафедрасының магистранты

(Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан)

² Гидрохимия және экологиялық токсикология зертханасының жетекшісі

(«География және су қауіпсіздігі институты» АҚ, Алматы, Қазақстан)

³ Метеорологиялық зерттеулер мен есептеулер басқармасының жетекші ғылыми қызметкері

(«Қазгидромет» РМҚ, Астана, Қазақстан)

ӘРТҮРЛІ СИНОПТИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДА АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ АУАСЫНЫҢ ЛАСТАНУЫ

Аннотация. Мақалада Алматы қаласы ауа бассейнінің ластануының метеорологиялық элементтер мен синоптикалық жағдайларға тәуелділігі зерттелген. Зерттеу барысында метеорологиялық сипаттамаларға және қаланың атмосфералық ауасының ластану параметрлеріне талдау жүргізілді. Атмосфераның ластану деңгейін бағалау критерийі рұқсат етілген шекті концентрация (ШРК) болып табылады. Жалпы қала бойынша атмосфералық ауаның ластануын сипаттау интегралдық көрсеткіші «Р» параметрін (автоматты) қолдану арқылы жүзеге асырылды. Жұмыста қоршаған ортаның жай-күйін бақылау жөніндегі мемлекеттік қызметке жататын атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау деректері зерттеледі. Сондай-ақ жұмыс барысында метеорологиялық параметрлердің мұрағаттық деректері, атмосфералық радиозондылық мәліметтер, 2018-2022 жылдар аралығындағы Алматы қаласының жер бетіндегі ауа райы карталары зерттелді.

Түйін сөздер: «Р» параметрі, шекті мүмкін концентрация (ШМК), атмосфералық циркуляция, циклон, антициклон, метеорологиялық көрсеткіштер.

Кіріспе. Ірі қалалардағы ауаның ластану мәселесі қазіргі таңда өзекті тақырып болып саналады. Алматы қаласы үшін де ауа бассейнінің экологиялық жағдайының нашарлауы ерекше маңызға ие. Алматы – Қазақстанның ірі мегаполисі, республикалық маңызы бар ғылыми және өнеркәсіптік орталық, Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы ірі көлік торабы. Осыған байланысты, Алматы қаласының соңғы жылдардағы ластану деңгейін бағалау үшін ауадағы зиянды концентрациялар шамасының мәнін білу қажет. Нәтижесінде, зиянды қоспалардың ауадағы шығарылымын азайту немесе жоспарлау жұмыстарын атқаруға мүмкіндік береді. Сондықтан, ауа сапасының нашарлауы зерттеліп отырған аймақтың климаттық, физико-географиялық, метеорологиялық, орографиялық ерекшеліктерін зерттей отырып анықталуы керек. Аталған көрсеткіштер ауа бассейнінің экологиялық сапасын арттыру үшін тиімді жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік жасайды. Қалалардағы ауаның ластану дәрежесі «Р» параметрі арқылы сипатталады [1-5].

Мақалада 2018-2022 жылдар аралығындағы «Р» параметрінің маусымдық таралуы, Алматы қаласына тән типтік синоптикалық процестердің мезгілдік қайталанушылығы және қаланың ауасында зиянды қоспалардың жиналуына ықпал ететін синоптикалық жағдайлардың үлесі қарастырылды. Сонымен қатар, атмосфералық ластану параметрлерінің төмен, көтеріңкі, жоғары және өте жоғары деңгейлері анықталды.

Зерттеудің материалдары мен әдістері. 2018-2022 жылдардың материалдары негізінде Алматы қаласындағы атмосфералық ауаның ластану жағдайын бағалау үшін уақыт бойынша және

әртүрлі ауа райы жағдайында қаладағы ауаның ластануының жалпы сипаттамасы алынады. Алматы қаласында синоптикалық процестердің сипаттамалық топтары барикалық түзілістердің географиялық шығу тегі мен траекториясын ескере отырып, 2018-2022 жылдар аралығында нақтыланды, бұл синоптикалық жағдайларды анықтауға мүмкіндік береді және атмосфералық ауаның ластану деңгейіне метеорологиялық сипаттамалардың әсер ету дәрежесінің қатынасын көрсетеді. Алматыдағы атмосфералық ауаның ластануына синоптикалық тұрғыдан тұжырымдалған түсініктемелер жасалады.

Қазіргі кездегі көптеген зерттеу жұмыстарында атмосфералық ауаның ластануы антропогендік әрекеттер ретінде қарастырылады. Атап айтқанда, Байматова Н., Керімрай А., Кенессов Б. Н., Асанов Д. А., еңбектерінде үлкен қалалардың өндіріс шығарындыларымен және автокөліктер санының артуымен атмосфералық ауаның ластану тенденциясы зерттеліп, оның адам денсаулығына зияны жайлы егжей-тегжейлі зерттелген [6-9].

Закарин Е., Бакланов А., Балакай Л. ауа райының тұрақсыздығы жағдайында Алматы қаласының атмосфералық ауаның ластану проблемасын қарастырған. Талдау үшін күрделі WRF-Chem моделі пайдаланылып, атмосфералық айналымды және әртүрлі ластанушы заттардың химиялық түрленуін ескере отырып, жоғары тасымалдауды да модельдеуге мүмкіндік беретінін көрсеткен [10].


Жайлаубеков Е., Беркінбаев Ғ., Яковлева Н. және Аскаров С. «Алматы қаласының атмосфералық ауаның сапасына автомобиль көлігі шығарындыларының әсері және проблеманы шешу жолдары» атты мақаласында 2022 жылдың 5-9 қаңтары аралығында коменданттық сағат режимінің енгізілуіне байланысты көлік қозғалысы шектеліп, осы кезеңде тіркелген автокөліктердің 20-30 пайызы ғана пайдаланылған кездегі қаладағы атмосфералық ауаның ластануына автокөлік шығарындыларының рөлі мен әсеріне баға берілген [11].

Ал А. С. Мадиевтің «Алматы қаласының ауаның сапасын бағалау» жұмысында Алматы қаласының ауа бассейнінің ұзақ мерзімді кезеңдегі ластану деңгейін бағалау жүргізілен. Бағалау АЛИ деректерінің негізінде жасалып, динамикасы, сондай-ақ ауаның ластануына әсер ететін негізгі себептер қарастырылған. Негізгі ластанушы заттардың өзгеру динамикасы көрсетілген [12].

Дегенмен, ауаға түскен шығарындылардың атмосферада жиылуына немесе сейілуіне жағдай жасайтын атмосфералық циркуляциялардың, яғни синоптикалық процестердің ықпалы зор болып саналады.

Ең бірінші, «Қазгидромет» РМК орталығынан алынған мәліметтерге сүйене отырып, ауа ластану параметрлерімен жұмыс жүргізілді.

Соңғы бес жыл ішінде ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді (1-сурет):



1-сурет – 2018-2022 жж. ауа ластану деңгейлері

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2018-2021жж. ластану деңгейі жоғары, 2022 – көтеріңкі болып бақыланды. Қалқыма бөлшектерімен ластануы, негізінен жылу энергетикасы кәсіпорындарының шығарындыларының әсерімен және жеке сектордың жылыту процесімен бірге жүретін қысқы маусымға тән [13].

Мәліметтер қорымен жұмыс істеу процесінде, бірінші кезеңде Р параметрінің мәні есептелді.

«Р» параметрі дегеніміз – жалпы қаланың орташа мәнге қатысты жоғары болған концентрациялар санының тәулік ішіндегі өлшеу санына қатынасы. Ол келесі теңдеумен табылады:

$$P = \frac{m}{n},$$

мұндағы P – атмосфераның ластануының интегралдық көрсеткіші; n – барлық стационарлық посттарда бір тәулік ішінде бақылаудың жалпы саны; m – осы тәулік ішінде орташа маусымдық мәннен 1,5 есеге асып кеткен q концентрациясының тіркелген саны ($q > 1,5 q_{opt}$).

Р параметрін әрбір жеке қоспа үшін де, бақыланатын жалпы қоспалар үшін де анықтауға болды. Ол үшін қалада атмосфералық ауаның ластануын стационарлық бақылау пункттерінің саны кемінде 3, ал жекелеген күндердегі бақылаулар саны 20-дан аз емес болуы керек. Бұл көрсеткіш шығарындылардың параметрін есептеуде белгілі дәрежеде нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Р параметрінің мәні 0-ден (егер концентрациялардың ешқайсысының мәні $1,5q_{opt}$ аспаған жағдайда) 1-ге (барлық бақыланатын концентрациялардың мәні $1,5q_{opt}$ асқан жағдайда) дейін өзгеруі мүмкін. Болжамдар бүкіл қала бойынша ауаның ластануының күтілетін фондық үш деңгейінің ҚМЖ (қолайсыз метеорологиялық жағдайы) ескеріле отырып жасалады (1-кесте).

1-кесте – Жалпы қала бойынша ауаның болжамды фондық ластану деңгейлерінің кестесі

Параметр Р	Ауаның ластануының фондық деңгейі
≤ 0,26	Төмен деңгей
0,26-0,37	Көтеріңкі деңгей
0,37-0,45	Жоғары деңгей
> 0,45	Өте жоғары деңгей

Алынған мәліметтерді зерттеу барысында 2018-2022 жж аралығында «Р» параметрінің бесжылдық қайталанушылығы қарастырылды (2-кесте, 2-сурет), барлығы 1816 жағдай. Осы қарастырылған 5 жылда ауаның ШМК-дан жоғары болған күндер саны 168 ($P > 0,26$):

$P < 0,26$ болған күндер таңдалды (барлығы 1648 жағдай, 91%);

$0,26 < P \leq 0,37$ жиілігі шамамен 6% құрады;


$0,37 < P \leq 0,45$ болатын жағдайлар, қайталану мүмкіндігі 2% жуық болды;

$P > 0,45$ болған жағдайдар 1% құрайды.

2-кесте – 2018-2022 жж. «Р» параметрінің күндер саны

Р критерийлері/Ай	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	Жыл	%
$P < 0,26$	114	108	143	150	154	150	155	150	139	127	103	1648	91	
$0,26 < P \leq 0,37$	22	24	9	0	0	0	0	0	0	16	16	29	116	6
$0,37 < P \leq 0,45$	9	5	2	0	0	0	0	0	0	6	13	35	2	
$P > 0,45$	4	4	1	0	0	0	0	0	0	0	1	7	17	1
													1816	100


Ауа сапасының бес жылдық орташаланған мәнін есептей отырып маусымдық жүрісінің өзгерісін қарастырдық. Кесте-3 көріп отырғанымыздай, Р параметрінің жылдық өзгерушілігінде максимумы қысқы айларға, ал минимумы жылдың жылы кезеңдеріне сәйкес келіп тұр. Мұны жылдың суық мезгілдерінде қала территориясында басты ластаушы көздердің бірі болып саналатын жылу электр станцияларының іске қосылуымен, және қаланың тау-аңғарлы орынында инверсияның болуымен түсіндіруге болады (3-кесте, 3-сурет).



2-сурет – 2018-2022 жж. «P» параметрінің күндер саны

3-кесте – 2018-2022 жж. «P» параметрінің жылдық жүрісі

Жыл	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII
2018	0,14	0,15	0,14	0,12	0,08	0,08	0,08	0,07	0,1	0,12	0,14	0,15
2019	0,12	0,13	0,12	0,09	0,08	0,09	0,09	0,11	0,11	0,2	0,2	0,28
2020	0,25	0,23	0,22	0,09	0,09	0,1	0,09	0,1	0,11	0,06	0,16	0,25
2021	0,28	0,21	0,12	0,11	0,09	0,07	0,09	0,09	0,11	0,17	0,28	0,27
2022	0,23	0,39	0,12	0,17	0,12	0,09	0,08	0,09	0,12	0,14	0,13	0,15
Орташа	0,204	0,222	0,144	0,116	0,092	0,086	0,086	0,092	0,11	0,138	0,182	0,22



3-сурет – 2018-2022 жж. орташа «P» параметрінің мезгілдік жүрісі

Алматының метеорологиялық жағдайлары қаланың Іле Алатауының тау етегінде орналасуына, мұнда тау-алқап циркуляциясының болуымен анықталады. Қаланың орталық бөлігі екі көлбеу жазықтықтың түйіскен жерінде орналасқандықтан, қала аумағы үнемі ауа айналымының ықпалында бола бермейді. Адиабаталық сығылу нәтижесінде қызған тау ауасының ағыны жер бетіне іргелес жатқан суық қабаттардың үстінен ағып, радиациялық салқындау арқылы суытылады. Осылайша, қыста ұзақ уақыт сақталатын беттік температура инверсиясы қалыптасады. Осыған байланысты Алматы қаласына әлсіз желдер тән болып келеді, штиль жиілігі жылына орта есеппен 25%

құрайды. Төменгі қабатта автокөліктердің пайдаланылған газдары, қазандықтардан, өндірістік нысандардан және т.б. шығарылатын зиянды заттар жиналады.

Метеорологиялық жағдайлар атмосферадағы зиянды қоспалардың тасымалдануына, шашырауына және сейілуіне маңызды рөл атқарады.

Әсіресе, қоспалардың ауада жиылуы мен шашырауы жел режимі мен температураға, және температураның стратификациясына байланысты [14].

Желдің бағыты. Қала ауасының ластануына желдің бағыты тікелей әсер етеді. Зиянды қоспалар концентрацияларының артуы өндірістік нысандар орналасқан бағыттан жел соққан жағдайда қалыптасады.

Алматы қаласында (Каменское плато МС) 1992-2022 жылдарда әр айдағы жел бағытының қайталанушылығы құрылды. Алматы ОГМС метеостанциясы соңғы жылдары зәулім үйлермен қоршалып тұрғандықтан, қала маңында орналасқан Каменское плато метеостанциясының көпжылдық мәліметтері қолданылды.

4-кестеден көріп отырғанымыздай, зерттелген жылдар ішінде 16 румбтық бағытта ең жоғары қайталанушылыққа ие: СШ, С, ОБ, ОШ бағыттағы желдер.

4-кесте – 1992-2022 жж. Алматы қ. жел бағытының қайталанушылығы, %

Ай	С	СШ	Ш	ОШ	О	ОБ	Б	СБ	Штиль
Қаңтар	11	6	9	15	24	15	15	6	28
Ақпан	15	6	9	13	21	14	16	8	26
Наурыз	18	8	7	12	20	12	15	9	22
Сәуір	19	8	5	13	23	10	13	10	15
Мамыр	16	8	6	14	26	9	12	9	12
Маусым	13	7	6	17	30	9	11	7	12
Шілде	12	8	6	17	31	10	10	6	12
Тамыз	15	8	7	19	30	8	8	6	13
Қыркүйек	17	8	7	16	27	9	9	7	15
Қазан	16	7	7	16	26	10	10	7	21
Қараша	13	5	9	15	24	13	13	6	26
Желтоқсан	9	5	9	17	25	15	15	6	26
Жыл	14	7	7	15	27	11	12	7	19

Жылдың суық мезгілінде оңтүстік, оңтүстік-шығыс, оңтүстік-батыс, батыс бағыттағы желдер басым және қайталанушылығы 15-27% құрайды. Бірақ, орташа желдің жылдамдығы жоғары емес, орташа жылдамдығы 0,8-1 м/с. Ал штильді күндер қайталанушылығы 22-28%.


Жылдың көктемгі мезгілінде С,СШ бағыттағы желдер қайталанушылығы біртіндеп төмендейді, сәйкесінше оңтүстік, солтүстік, оңтүстік және оңтүстік-батыс бағыттағы желдер саны өседі (қайталанушылығы 26% дейін). Орташа желдің жылдамдығы 1-1,2 м/с, штильді күндер қайталанушылығы 12-15%.

Жазда желдің бағыты ОШ, О бағыттағы желдің қайталанушылығы басым болған (17-31%). Орташа желдің жылдамдығы 1,1-1,2 м/с, штильді күндер қайталанушылығы 12-13%.

Күзгі айларда ОБ, О, ОШ бағыттағы желдер қайталанушылығы 25%-ға дейін өскен. Орташа желдің жылдамдығы 0,8-0,9 м/с, штильді күндер қайталанушылығы 21-26%.

Жоғарыда айтылған мәліметтер жел раушаны түрінде төмендегі суреттерден көруге болады (4-сурет).

Жел жылдамдығы. Әлсіз жел кезінде төмен және бос көздерден шығарындылар ауаның беткі қабаттарында жиналады, осылайша қалаларда қоспалардың ең жоғары концентрациясы байқалады. Ауаның ластануы да ауаның сапасына өте жағымсыз әсер етеді, ол жер бетіндегі температура инверсияларының қатысуымен желдің төмен жылдамдығында қалыптасады. Ластаушы заттардың нормаланған концентрациясының жоғарылауы 4-5 м/с жылдамдықпен жүреді. Ластаушы заттардың беттік концентрациясының айтарлықтай төмендеуі ≥ 6 м/с жылдамдықта байқалады.



4-сурет – 1992-2022 жж. жел бағытының қайталанушылығы

Алматыда тыныш желді күндердің жиілігі айқын маусымдық сызбаға бағынады, ең жоғары үлесі қазаннан қаңтарға дейінгі кезеңде (66-78%) болды [15]. Орташа айлық жылдамдық – 1 м/с. Келесі 5-кестеде Алматы қаласының 1992-2022 жылдар аралығындағы орташа желдің жылдамдығы келтірілген.

5-кесте – 1992-2022 жылдар аралығындағы Алматы қ. бойынша орташа желдің жылдамдығы

I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII	Жыл
0,8	0,8	1,0	1,2	1,2	1,1	1,2	1,1	1,0	0,9	0,8	0,8	1,0

Ауа температурасы. Алматы қаласында қыс бірқалыпты суық, салыстырмалы түрде қысқа, тыныш ауа-райы басым болады. Жылдың басқа маусымдарына қарағанда бұлттылық басым. Орташа тәуліктік температурасы 0°C төмен күндер саны 110-120 күн. Алматы қаласына тән жылымық күндер – жылына орташа 25-60 күнді құрайды.

Алматы қаласында көктем ауа температурасы оң таңбалы болғанда, наурыздың екінші декадасынан басталады. Алматы қаласы үшін көктем температураның қарқынды өсуімен және суықтың қайта енуімен сипатталады.


Жазғы айлар Алматыда орташа тәуліктік ауа температурасы 15°C жоғары тұрақты күндермен сақталады, әдетте ұзақтығы 4-4,5 айға созылады. Жазда бұлттылық шамалы, бірақ кей күндері желдің біршама белсенділігі артады, дегенмен жазғы айларда да әлсіз желді күндер басым.

Күзгі айлардың басында Алматыда жылы, ашық ауа-райы жалғасады. Ал қараша айының екінші жартысында ауа температурасының теріс мәнге ауысуы тіркеледі.

1992-2022 жылдар аралығындағы орташа ауа температурасының маусымдық жүрісін 5-суреттен көруге болады.

Атмосфералық құбылыстар. Ауадағы зиянды қоспалардың шашырауы мен жиылуына ықпал етуші факторлардың бірі атмосфералық құбылыстар болып табылады. Конвективті бұлттылық дамып, жауын-шашынды ауа-райы қалыптасқан мерзімде турбуленттілік күші артып, атмосферадағы ластанушы концентрациялардың сейілуіне тікелей әсер етеді, керісінше жауын-шашынсыз, тымырық ауа-райында (тұман, әлсіз тұман, штиль) ластану индексі де жоғары. Төменде келтірілген 6-кестеде Алматы қаласында тіркелген көпжылдық орташаланған атмосфералық құбылыстардың күндері келтірілді.

Кестеде келтірілген атмосфералық құбылыстардың ішінде ауа ластану деңгейіне бірден-бір ықпал етуші фактор болып тұман саналады. Тұман – негізінен ауадағы температура айырмашылығына байланысты қалыптасатын метеорологиялық құбылыс және ауаның ластануы тұманды тудырады деп айту қате болар еді. Дегенмен, тұман болатын аймақта ауа сапасы нашар болады. Егер тұманмен ауа сапасы төмен болса, яғни ластанған ауа тұманмен қатар байқалса, онда тұман ауаның ластануының артуына ықпал етеді.




5-сурет – 1992-2022 жж. орташа ауа температурасының жылдық жүрісі

6-кесте – Алматы қаласында 1992-2022 жж. атмосфералық құбылыстармен күндер саны

Құбылыстар	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII	Жыл
Жауын-шашын	15	18	19	16	15,2	15	15	10,1	9,1	10,2	14	17	175
Тұман	6	6	5	1	0,2	0,1	0,1	0,1	0,2	1	5	8	33
Әлсіз тұман	0	0	0,1	0	0,3	0,2	0,3	0,2	1	0	0,1	0	2
Найзағай	0	0,1	0,4	2	6	8	9	5	1	0,3	0,1	0,1	32
Боран	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0,1	0,1
Шанды боран	0	0	0	0,1	0	0	0	0	0	0,1	0	0	0,2

Осы орайда, зерттеліп отырған аймақта тұманның мезгілдік жүрісін қарастыру маңызды болып табылады (6-сурет).




6-сурет – 1992-2022 жж. Алматы қаласында тұманды күндердің орташаланған жылдық жүрісі

Көпжылдық мәліметтер бойынша, 6-суреттен қала аймағында тұманды күндердің қайталанушылығы жылдың жылы мерзіміне қарағанда суық кезендерінде жоғары екенін көруге болады. Егер Алматы қаласындағы ауа ластану деңгейінің жылдың суық кезінде артатынын ескерсек, онда тұманның оған қосатын үлесін де қосымша фактор ретінде санауға болады.

Аэрологиялық жағдайы. Атмосфераның ластану деңгейіне тұрақты атмосфералық стратификация кезінде байқалатын беттік және биіктік инверсиялар айтарлықтай әсер етеді.

Алматы қаласы бойынша радиозондтық бақылау Алматы АМС-да жүргізіледі. Аэрологиялық станцияның мәліметі бойынша 2022 жылғы инверсия қабатының қарқындылығының уақыттық жүрісі қарастырылды. 7-суреттен, Алматы қаласында инверсия қабатының жылдық жүріске тәуелді емес екенін көруге болады. Бұл факторды қаланың орографиялық ерекшелігімен байланыстыруға болады, яғни таулардың аңғарларында орналасқан үлкен қалаларда инверсия қабатының жыл мезгілдеріне тәуелсіз бақылануы қалыпты жағдай деп саналады.



7-сурет – Алматы АМС мәліметі бойынша инверсия қарқындылығының мерзімдік жүрісі, 2022 ж.

Атмосфералық ауаның ластану жағдайында атмосфералық циркуляцияның әсері айтарлықтай әртүрлі.

Орталық Азиядағы негізгі синоптикалық процестерді анықтау мақсатында В. А. Бугаев пен В. А. Джорджио 15 негізгі түрден тұратын класс құрды [16]:

- 1 – Оңтүстік Каспий циклоны;
- 2 – Мурғаб циклоны;
- 3 – Жоғарғы Әмудария циклоны;
- 4 – циклондық кең жылы ағыс;
- 5 – солтүстік-батыс суық енуі;
- 6 – солтүстік суық енуі;
- 7 – суық фронттағы толқындық белсенділік;
- 8 – Орталық Азиядағы отырықшы циклон;
- 9 – антициклонның оңтүстік-батыс перифериясы;
- 9а – антициклонның оңтүстік-шығыс шеткі бөлігі;
- 9б – антициклонның оңтүстік перифериясы;
- 10 – батыс енуі;
- 11 – жаздық термиякалық депрессия;
- 12 – жоғары қысымның төмен градиентті өрісі;
- 13 – төмен қысымның төмен градиентті өрісі;
- 14 – батыс циклоны;
- 15 – сүңгуір циклон.

Синоптикалық процестердің тізімінен анықталғаны бойынша, Алматы қаласында Орталық Азияға тән синоптикалық процесстердің барлығы дерлік бақыланған. Жыл мезгілдеріне қатысты әр процесстің қайталанушылығы әртүрлі.

7-кестеде келтірілгендей, жылдың қысқы бөлігінде барлығы 430 жағдайдың 104 (24%) жағдайында Алматы қаласы жоғары қысымның төмен градиентті өрісінің ықпалында болған (тип XII). Қайталанушылығы бойынша басымдылығы жоғары процесстің келесі түрі – тип IX, бақыланған жағдайлар саны 101, яғни қала территориясы 23% жағдайда антициклонның оңтүстік перифериясының ықпалында болады.

Қарастырылған карталардан анықталғаны, көктемде синоптикалық процесстердің бірі ауыстыруы жылдам, әрі жиі бақыланады және әр процесстің қала аумағында тұрақтау ұзақтығы 2-3 күннен аспайды. Барлық синоптикалық жағдайлардың ішінде қайталанушылығы ең жоғары процесске IX-типті, яғни антициклонның оңтүстік, оңтүстік-шығыс, оңтүстік-батыс перифериясын бақылауға болады (92 жағдай 20%).

Жазғы айларда Алматы қаласында XII (77 жағдай 16%), XIII (62 жағдай 13%), V (58 жағдай 12%) типтегі синоптикалық жағдайлар басым болған.

Жылдың күзгі бөлігінде қала территориясы XII (112 жағдай 25%), IX (689 жағдай 20%), V (65 жағдай 15%) типтегі синоптикалық процесстердің ықпалында болған.

7-кесте – 2018-2022 жж. Алматы қ. территориясында бақыланған синоптикалық жағдайлардың қайталану саны

Син жағдайлар	Қыс		Көктем		Жаз		Күз	
	Саны	%	Саны	%	Саны	%	Саны	%
Тип I	17	4	20	4	23	5	18	4
Тип II	18	4	14	3	25	5	9	2
Тип III	14	3	23	5	40	9	17	4
Тип IV	1	0	0	0	35	7	0	0
Тип V	10	2	63	14	58	12	65	15
Тип VI	10	2	17	4	14	3	11	2
Тип VII	47	11	51	11	48	10	34	8
Тип VIII	0	0	0	0	0	0	0	0
Тип IX	101	23	92	20	35	7	89	20
Тип X	20	5	34	7	15	3	26	6
Тип XI	0	0	0	0	35	7	0	0
Тип XII	104	24	83	18	77	16	112	25
Тип XIII	59	14	40	9	62	13	49	11
Тип XIV	15	3	10	2	0	0	1	0
Тип XV	14	3	9	2	0	0	17	4
Барлығы	430	100	456	100	467	100	448	100

Синоптикалық талдау барысында, келесі түсініктер қалыптасты:

көп жағдайда Алматы қаласы аз градиентті барикалық алқаптың ықпалында болады;

жылдың жылы және салқын кезеңдерінде синоптикалық процесстердің қайталанушылығында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Бірақ, Алматы қаласы жылдың суық мезгілінде жоғарғы қысым алабының аз градиентті алқабында, ал жылы мезгілдерде төменгі қысым алабының аз градиентті алқабының ықпалында болады.


8-кесте – 2018-2022 жж. Алматы қ. бойынша атмосфералық ластану деңгейінің синоптикалық процесстерге тән қайталанушылығы

Синоптикалық процесстер	Қыс			Көктем			Жаз			Күз			Барлығы
	Көтеріңкі	Жоғары	Өте жоғары	Көтеріңкі	Жоғары	Өте жоғары	Көтеріңкі	Жоғары	Өте жоғары	Өте жоғары	Жоғары	Өте жоғары	
Антициклонның оңтүстік-батыс перифериясы	9	2								1			12
Жоғары қысым алабының аз градиентті алқабы	28	17	10	4	1	1				25	5	3	94
Төменгі қысым алабының аз градиентті алқабы	27	4	6	4	1					18	2		62
Циклонның жылы секторы	3	1		1									5
Барлығы	67	24	16	9	2	1	0	0	0	44	7	3	

Жұмыстың орындалу барысында автоматты тіркелген мәліметтерінен «Р» параметрінің дәрежесі көтеріңкі ($P > 0,26$) және одан жоғары болған күндерімен салыстыра отырып, сол жағдайға әсер еткен синоптикалық процесстердің қайталанушылығы анықталды (8-кесте).

Қайталанушылығы ең басым синоптикалық жағдайларға тереңірек тоқталып кетейік.


Антициклонның жотасы (антициклонның оңтүстік, оңтүстік-батыс, оңтүстік-шығыс перифериясы), тип IX (8-сурет):



8-сурет – Антициклонның оңтүстік-батыс перифериясы

Көп жағдайда Қазақстанның басым территориясы қысқы мезгілдерде орталығы Монголия немесе Шығыс Сібір үстінде орналасатын Сібір суық антициклонының жотасының ықпалында болады. Біресе күшейіп, біресе әлсіреп тұратын антициклонның ықпалында Қазақстанның оңтүстік-шығыс аудандары қыс мезгілінің басым бөлігін өткізеді, ол күндері облыс аумағында жауын-шашынсыз, әлсіз турбулентті типтегі ауа-райының сипаты байқалса, түнгі және таңертеңгі сағаттарда температуралық инверсияның қалыптасуына, кей кездерде тұманның пайда болуымен қатар жүретін күшті радиациялық салқындау процесстері бақыланады.

Жоғары қысым алабының аз градиентті алқабы (тип XII): Қазақстан мен Орта Азияда Сібір антициклоны мен Ресейдің еуропалық территориясының үстіндегі антициклонды жалғаушы жоғарғы қысып алқабы (9-сурет).




9-сурет – Жоғары қысым алабының аз градиентті алқабы

Жылдың жылы мезгілінде төмен градиентті жоғары қысымды өріс көп жағдайда суық енулерден кейін қалыптасады. Бұл процестің дамуымен суық фронттың артында тұрақты қалыптасқан антициклон болмайды, керісінше, жоғары қысым алабының жотасы таралады немесе батыстан шығысқа қарай көлемі бойынша шағын антициклон жылдам орын ауыстырады.


Суық кезеңде мұндай синоптикалық жағдай оңтүстіктен шыққан жылудың кең таралуы кезінде антициклонның оңтүстік, оңтүстік-батыс перифериясы бұзылып, Қазақстанның оңтүстік-шығыс аудандарында жылы, әлсіз жел мен жауын-шашынсыз ауа-райы байқалады.

Төмен қысым алабының аз градиентті алқабы (тип XIII): жылдың суық кезеңдерінде процестің бұл түрі аз жылжымалы циклонның орталығы Оралдың немесе Батыс Сібірдің солтүстігінде орналасып, ал Қазақстан мен Орталық Азияға оның оңтүстік-шығыс бағытта жайылған кең ауқымды жырасы таралғанда қалыптасады. Ал Қазақстанның оңтүстік-шығысында бұлтсыз ашық және желсіз ауа-райы бақыланады.

Жазғы-жылдың ыстық кезеңдерінде Орталық Азия мен Қазақстанның оңтүстік, орталық және оңтүстік-шығыс аудандарында тұрақты, төменгі қысым алабының фронтсыз аймағында термикалық депрессия жағдайы орын алып, ыстық, құрғақ және әлсіз тұманды ауа-райы білінеді (10-сурет).



10-сурет – Төменгі қысым алабының аз градиентті алқабы



11-сурет – Циклоның жылы секторы

Жылы сектор: циклонның орталығы Батыс Сібір аймағында немесе Қазақстанның солтүстік, орталық аудандарында орналасқанда еліміздің оңтүстік-шығыс бөлігі 2-3 күн көлемінде осы циклонның жылы сектор ықпалында болады (11-сурет). Сонымен қатар, мұндай кезеңдерде ауа ластану деңгейі көтеріңкі болады.

Қорытынды. Ауа ластану деңгейі мен синоптикалық процесстердің байланысы өте күрделі. Сондықтан, жоғары атмосфералық ластану деңгейінің қалыптасу себебін зерттеу кезінде метеорологиялық шамалардың жекелеген сипаттамаларын да, олардың комплексті жағдайларын да қарастыру қажет [17].

Осы зерттеу жұмысын аяқтай отырып, келесі қорытындыға келуге болады:

1. Қалада жоғарғы ауа ластануы қалыптасуының синоптикалық жағдайларын талдаудан оның тұрақты синоптикалық жағдайларда ғана жүзеге асырылуы мүмкін екендігі шығады. Тұрақсыз процестер кезінде: барикалық түзілістердің және атмосфералық фронттардың жылдам ығысуы, ауа массаларының өзгеруі кезінде қала ауасындағы қоспалардың үлкен концентрациясы әдетте байқалмайды;

2. Қосымша жағдай ретінде, Алматы қаласының орографиялық жағдайы: оңтүстік – батыстан солтүстік-шығысқа созылып жатқан тау сілемдерінің болуы желсіз күндердің қайталанушылығының артуына, инверсия жағдайының қалыптасуына және толқындық процесстердің қалыптасуына жағдай жасайды;

3. Қалада халық санымен қатар автокөліктердің санының артуы, қарқынды құрылыс алаңдарының көбеюі антропогенді ауа ластануының артуын тудырады;

4. Жалпы ауа ластануының төмен деңгейі суық енулердің әртүрлі жағдайларында, алғашқы күні жауын-шашын түскеннен кейін ауа температурасының вертикальды градиенті суық адиабатты мәнінен төмен болғанда қалыптасады;

5. Қысқы мезгілде ауа ластануының көтеріңкі және жоғары деңгейлері келесі процесстермен байланысты:

а) Солтүстік суық енуі кезінде Сібір антициклонының жотасы Қазақстанның шығыс және оңтүстік-шығыс аудандарына бағытталған;

б) Иран-Пәкістан жерінен жылы әрі құрғақ ауа массасының шығуы.

6. Сібір антициклонының жотасының күшеюі ластанушы қоспалардың атмосфераның жерге жақын қабатында жиналуына жағдай жасайтын инверсияның қарқынды артуына әсер етеді. Сонымен қатар, суық антициклон жотасында желсіз ауа-райы қалыптасып, атмосфералық турбуленттіліктің дамуына және ластанған ауа массасының еркін атмосфераға араласып жайылып кетуіне кедергі келтіреді.

7. Жалпы, ауа ластану деңгейі жазғы айларға қарағанда қысқы айларда көп байқалады, оның себебін жылу жүйесі жұмысының қарқындылығымен және қолайсыз метеорологиялық жағдайлардың қайталанушылығының жиілігімен түсіндіруге болады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Morrison J. Sustainable development. – UK: Profile Books, 2002. – 370 p.
- [2] Электрондық ресурс – <https://newecoklad.ecogofond.kz/2016/kz/polnyj-tekst-doklada>
- [3] Электрондық ресурс – https://el.kz/content-3425_2679
- [4] Шелутко В.А. Экология и гидрометеорология больших городов и промышленных зон. (Россия-Мексика). Т. 1. Анализ окружающей среды. – Санкт-Петербург: РСГМ, 2009. – 180 б.
- [5] Boettger C.M. Air-pollution potential East of the Rocky Mountains-Fall, 1959 // Bul. amer. Met. soc. – 1961. – Vol. 42. – P. 615-620.
- [6] Байматова Н. Данные о качестве воздуха в Казахстане. – Носер, 2022.
- [7] Керимрай А. Тенденции и воздействие на здоровье основных загрязнителей городского воздуха в Казахстане // Ассоциация управления воздухом и отходами. – 2019. – С. 1331-1347.
- [8] Кенесов Б.Н. Обнаружение и оценка источников загрязнения воздуха по г. Алматы. ЦФХМА, 2021.
- [9] Асанов Д., Валерий З., Керимрай А. Качество воздуха и промышленные работы в городах Казахстана. – Атмосфера. – Алматы, 2021. – № 12(3). – 314 с.
- [10] Закарин, Е., Бақланов А., Балакай Л, Дедова Т., Бостанбеков К. Моделирование загрязнения атмосферы города Алматы при неблагоприятных погодных условиях // Метеорология и гидрология. – 2021. – С. 88-98.
- [11] Жайлаубеков Э.А., Беркинбаев Г.Д., Яковлева Н.А., Аскаров С.А. Влияние автомобильных выбросов на качество воздуха г. Алматы и пути решения проблемы // Устойчивые технологии для зеленой экономики. – 2022. – Вып. 2, № 1. – С. 24-32.

- [12] Мәдибеков А.С. Оценка качества воздуха города Алматы // Материалы международной научной конференции, посвященной 100-летию юбилею академика М. М. Адышева, 22-23 октября 2015 г. «Развитие наук о Земле в Кыргызстане: состояние, проблемы и перспективы». – Бишкек, 2015. – С. 190-197.
- [13] Электрондық ресурс – <https://www.kazhydromet.kz> сайттары
- [14] Лазерева Е.О. Загрязнение атмосферного воздуха Санкт-Петербурга в различных синоптических условиях. – С. 32-33.
- [15] Электрондық ресурс – www.researchgate.net/publication/363570716_Cities_of_Central_Asia_New_hotspots_of_Air_Pollution_in_the_world.
- [16] Инагамова С.И., Мухтаров Т.М., Мухтаров Ш.Т. Особенности синоптических процессов в Средней Азии. – Ташкент, 2002. – С. 19-22.
- [17] Погодаев Б.Я. Некоторые особенности прогнозирования загрязнения атмосферного воздуха во Владивостоке // Тр. ДВНИГМИ. – 1976. – Вып. 40. – С. 53.

REFERENCES

- [1] Morrison J. Sustainable development. UK: Profile Books, 2002. 370 p.
- [2] Electronic resource – <https://newecoklad.ecogofond.kz/2016/kz/polnyj-tekst-doklada>
- [3] Electrondyk resource – https://el.kz/content-3425_2679
- [4] Shelutko V.A. Ecology and hydrometeorology of large cities and industrial zones. (Russia-Mexico): monograph, Vol. 1. Analysis of the environment. St. Petersburg: RSGM, 2009. 180 p. (in Russ.).
- [5] Boettger C.M. Air-pollution potential East of the Rocky Mountains-Fall, 1959 // Bul. amer. Met. soc. 1961. Vol. 42. P. 615-620.
- [6] Baimatova N. Kazakhstandagy aua sapasy turaly darister. Downpour, 2022 (in Russ.).
